

Аршалы ауданы Аршалы кентінің бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 25/12 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 мамырда № 4147 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 11 бабының 1 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Аршалы аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. Аршалы ауданы Аршалы кентінің бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы А.Лебедев

хатшысы Ю.Сериков

КЕЛІСІЛДІ

Аршалы ауданының әкімі Қ.Қарауылов

Аршалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 25/12 шешіміне қосымша

Аршалы ауданы Аршалы кентінің бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

Аймақ №	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық	Аймақ шекаралары
---------	---	------------------

	ставкаларына түзету коэффициенттері	
I	2	3
I	1,8	Аймақ Аршалы кентінің орталық бөлігінде орналасқан. Аймақ шекарасы солтүстігінде – Мәншүк Маметова көшесінің бойымен, батысында – Митченко көшесінің бойымен, шығысында – Есіл өзенімен шектесіп, оңтүстігінде – Старица өзенінің бойымен өтеді.
II	1,5	Аймақ Аршалы кентінің орталық бөлігінде орналасқан. Келесі көшелермен шектелген: аймақ шекарасы солтүстігінде – Мәншүк Маметова көшесімен, шығысында – Митченко көшесімен, оңтүстігінде – Старица өзенінің бойымен өтеді, батысында XI - өндірістік аймақпен шекаралас.
III	1,4	Аймақ Аршалы кентінің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Аймақ шекарасы солтүстігінде – Старица өзенімен, шығысында – Митченко көшесімен өтеді, батыс және оңтүстік бөлігі құрылыссыз аймақпен шекаралас орналасқан.
IV	1,4	Аймақ Аршалы кентінің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, батысында - Митченко көшесімен, солтүстігінде – Старица өзенінің бойымен өтіп, оңтүстік-шығысында құрылыссыз аймақпен шекаралас.
V	1,5	Аймақ Аршалы кентінің орталық бөлігінде орналасқан, шығысында – Митченко көшесі, оңтүстігінде – Маметова көшесімен, батысы мен солтүстігінде – XI өндірістік аймақпен шекаралас.
VI	1,5	Аймақ Аршалы кентінің орталық бөлігінде орналасқан, оңтүстігінде – Мәншүк Маметова көшесімен, батысында – Митченко көшесі, шығысында – Есіл өзенімен, солтүстігінде – XI, X өндірістік аймақтармен шекаралас.
VII	1,2	Аймақ Аршалы кентінің солтүстік-шығысында жеке шағын аудан болып орналасқан. Аймақ шекарасы батысында Есіл өзенінің бойымен өтіп, солтүстік – шығысында – XII өндірістік аймақпен, оңтүстігінде – құрылыссыз аймақпен шекаралас.
VIII	1,2	Аймақ Аршалы кентінің солтүстік-батысында жеке шағын аудан болып орналасқан. Шекарасы шығысында – IX өндірістік аймақпен, оңтүстігінде – X - өндірістік аймақпен шектеліп, батысы мен шығысында кент шекарасының бойымен өтеді.
IX	1,1	Аймақ Аршалы кентінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, оңтүстігі мен батысында – VIII тұрғын аймақпен шекаралас.
X	1,2	Аймақ Аршалы кентінің солтүстік – батыс бөлігінде орналасқан, солтүстігінде – VIII тұрғын аймақпен, оңтүстігінде – XI өндірістік аймақпен шектеліп, батысында кент шекарасының бойымен өтеді, шығысында – құрылыссыз аймақпен шекаралас.
XI	1,3	Аймақ Аршалы кентінің батыс бөлігінде орналасқан, шығысында – II және V - тұрғын аймақтармен, солтүстігінде – X өндірістік аймақпен шектеліп, батысында кент шекарасының бойымен, оңтүстігінде – III – тұрғын аймақпен шекараласып, біршама бөлігі кент шекарасының шегімен жалғасады.
XII	1,1	Аймақ Аршалы кентінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, карьер ауданы. Аймақ оңтүстігінде VII – тұрғын аймақпен, батысында X - өндірістік аймақпен, солтүстігі мен шығысында – құрылыссыз аймақпен шекаралас.
XIII	0,8	Аймақ Аршалы кентінің солтүстік-батысында, оңтүстік батысында орналасқан. III, IV, VII, X, XII аймақтарымен шектелген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК